



Бекітемін
Мектеп директоры:
А. Гунгушбаев

№2 Ж. Жабаев атындағы бастауыш мектепте «Мұғалімдер күнін мерекелеу тұжырымдамасын» атап өтуге арналған іс - шара

ЖОСПАРЫ:

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Жауапты
1	«Ұстазға тосын сый» - онкүндікті бастау, ашу салтанатын өткізу	25.09.2025	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева ҚББП, А.Болатбекова Тәлімгер Д.Байтасова сынып жетекшілер, Мектеп парламенті	ДТЖЖО М.Нурманова
2	«Ұстаз болу мәртебе!» ақпараттық компаниясын өткізу (қабырға газеттерін шығару, үздік педагогтармен сұхбат өткізу) #Ұстазыма рахмет, #Спасибо учителю хештегтерімен жариялауды ұйымдастыру	26.09.2025	Тәлімгер Д.Байтасова Сынып жетекшілер	ДТЖЖО М.Нурманова
3	«Алғыс айту апталығы!» атты тақырыптық сынып сағаттар, «Ұстаздар –ұлы тұлғалар» тәрбиелік ашық сабақтар,	03..09.2025	Сынып жетекшілер Рүстембек Г Анашбекова Ү	ДТЖЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова
4	«Мен болашақ ПЕДАГОГПІН!» Сурет салу	25.09- 03.09.2025	Үйірме жетекшілері	ДТЖЖО М.Нурманова
5	Ардагер ұстаздардың қатысуымен «Ұстаздың еңбегі сөнбес!» атты концерттік бағдарлама	03.10.225	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	ДТЖЖО М.Нурманова
6	Мектептің парламент мүшелірінің қатысуымен «Дублер күні» шарасын өткізу	25.09- 03.09.2025	ҚББП, тәлімгер, МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ	ДТЖЖО М.Нурманова

7	Жас мұғалімдер арасында «Шынықсаң шымыр боласың» атты спорттық эстафеталық жарыстар өткізу	02.10.225	Ұйымдастырушы пед. А.Үсенбаева Дене шын.мұғ.	ДТЖЖО М.Нурманова
8	ЧЕЛЛЕНДЖ - «Үстаз ұлы тұлға!» тақырыбында мұғалімдердің еңбегі, жетістігі туралы қысқа бейнеролик түсіріп әлеуметтік желіге жариялау	25.09- 03.09.2025	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	ДТЖЖО М.Нурманова

Дайындаған: М.Нурманова

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж Жабаев атындағы бастауыш мектебі

„Ұстаз-ұлы тұлға„
(Тәрбие сағаты)



Дайындаған: Рүстембек Г

Тақырыбы: Ұстаз – ұлы тұлға.

Мақсаты: оқушыларға ұстазды құрметтеуге, сыйлауға, түсіне білуге, бағалауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

Көрнекіліктер: мақал – мәтелдер жазылған плакаттар, гүлдер, шарлар.

Ән шашу: «Ұстаздар мерекесі»

Мүгалім:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!. Бүгінгі ұстаздар мерекесі қарсаңында өткелі отырған «Ұстаз – ұлы тұлға» атты 3 «Ә» сыныбының ашық тәрбие сағатын бастауға рұқсат етіңіздер.

ҚР мемлекеттік Әнұраны шырқалсын.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы,

-деп ақын Ғ. Қайырбековтың жырлағандай, сөзі маржан, ойы дана ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей кателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?!

«Ұстаз болу өзгенің бақытын аялау, өз уақытын аямау» - ұстаздық қызметтің бұдан артық анықтамасы болмас!

Ұстазын құрметтеген қаншама ақындарымыз небір өлең шумақтарын өмірге әкелді. Енді сол өлең жолдарымен ұстаздарға деген оқушылардың ықылас, пейілін тыңдайық.

1-жүргізуші: Айзере

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,
Сіздермен тола берсін ортамыз да.
Бүгінгі ел басқарған азаматтар,
Білім алған сіздердің арқаңызда.

2 – жүргізуші:Есімхан
Армысыздар мұғалімдер, әз жандар,
Білім іздеп, инемен құдық қазғандар.
Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді,
Би – билеп, ән де бүгін шырқалар.

1 – жүргізуші: Айзере

«Ұстаз – ұлы тұлға». Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз
есімі де шәкірттерге күндей жарық береді

Ақырын жүріп, анық бас,
Енбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

-деп Абай атамыз айтқандай шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған
ұстаздар қауымы...

Бірге: МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

2 жүргізуші:Есімхан

Ән жырмен шуақ шашайық,
Сіздерді әнге косайық.
Ақ тілек сұрап баршадан,
Шымылдығын сахнаның ашайық.

1 оқушы: Еркеназ
Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,
Дендерінің саулығы мықты болсын!
Білімменен суарған шәкірттерін,
Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

2оқушы: Ерназар
Мектеп үйім, ұстаздарым, ата –анам,
Сенен өсіп, сенен ғана нәр алам.
Саян ыстық, сен мәуелі бәйтерек,
Тамырланып сен тарапқа тараған.

3 оқушы:Айым
Ұстаздың оттай ыстық алақаны,
Болған соң ойлайтыны бала қамы.
Баладан ұстазыма мың сан алғыс,
Өйткені ол ұстазымның ақ арманы.

1 – жүргізуші: Айзере

Хор: «Шаршама ұстаз шаршама»

4 оқушы:Рамазан
Арқаңда өзіңнің,
Адам боп шығамын.
Бәрі алтын сөзіңнің,
Ақылшым – мұғалім

5 оқушы:Абдуллах
О, ұстаздар басымд ием сіздерге,
Күллі әлемнің мұғалімдер күнінде.
Жүрегімнің лүпілінен шыққан сөз.
Сая тапсын ұлы ұстаздың жүрегiнiң түбiнде.

6 оқушы:Гулнур

Жалын атып, от боп, бірге жанасың,
Білім беріп, содан бақыт табасың
Бар өмірің өрнектеліп баламен,
Жасарып бір мәңгі жас боп қаласың

2-жүргізуші: Есімхан

Ән: «Оқуда озат боламын» Әлзақ Нұрсәуле

1 жүргізуші: Айзере

Есімхан сен қазақтың тұңғыш ұстазын білесiндер ме?

2-жүргізуші Есімхан

Әрине білем - Ыбырай Алтынсарин.

1-жүргізуші: Айзере

- Ыбырай Алтынсарин Қазақтың ұлы ағартушысы, педагог, ғалым-жазушы Ыбырай Алтынсарин тұңғыш ағартушы, балаларға таза ана тілін үйрету арқылы халықтың бай тілін меңгеріп, өнер-білімге бастаушы. Ыбырай

2 жүргізуші:Есімхан

Асыға сәлем жолдап жүректен біз
Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз,
Тәтті күй, асқак ән мен әсем биді,
Сіздерге тарту етіп ұсынамыз.

«Қыздар биі» сіздерге арналады, аяулы ұстаздар, қабыл алыңыздар!

7 оқушы: Жазира

Күллі өмірін жеткіншекке арнаған,
Мұғалімді ардақтайды барша жан.
Ол мектептен шықпаса да қыс-жазы,
Жемісі оның жердің жүзін шарлаған.

8 оқушы: Айсұлтан С.

Тіліңді аламын,
Айтқанды ұғамын.
Мен сендей боламын,
Ақылшым – мұғалім.

9 оқушы: Алфараби
Әр сабағың өтіп жатыр білінбей,
Перне басқан оркестрдің үніндей
Әр баланың жүрегіне жол тауып,
Тұрасың сен, дирижер боп күлімдей.

1 – жүргізуші: Айзере

Елбасымыз айтқандай біз «Мәңгілік ел» ұрпағымыз. Қазақстан
болашағын білім нәрімен сусындатып жатқан

хормен ҰСТАЗДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

Ән: «Ұстаз ана» Дүйсембек Айзере

10 оқушы: Нұрсәуле

Мұғалім, газиз мұғалім-
Төгілген арай шуағың.
Арманым қонса қолыма,
Арқаң деп сенің ұғамын
Мұғалім, газиз мұғалім-
Сарқылмас мәңгі бұлағым.
Ұланың бүгін тойыңда,
Арнайды саған бұл әнін

11 оқушы Айсұлтан Ж

Ұсынғаны адамдық,
Текті мінез, даналық
Бар ұстазға тілейміз:
Бакыт, табыс, амандық

15 оқушы Хансұлтан
Сәбилік көңілден,
Арналды бұл әнім.
Баулитын өмірге,
Ақылшым – мұғалім.

II жүргізуші:

Бейне ролик: «Мұғалім мен оқушы»

(Мұғалім – Елеухан Г. оқушы - Халмұрат Е)

16 оқушы: Ару
Ұстаздар, қандай гажап халықсыздар!
Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей болып күлімдеген жарықсыздар.

Қорытынды:

І жүргізуші: Айзере
Алғаш рет оятқансың санамды,
Алғаш рет ұстатқансың қаламды.
Сол үшінде мәңгі сыйлап өтермін
Түсіндірген жақсы менен жаманды.

2 жүргізуші


Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған акын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дикан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан да ұлағатты ұстаздар сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осымен ұстаздарға арналған «Ұстаз – ұлы тұлға» атты 3 «Ә» сыныбының ашық тәрбие сабағатын аяқтаймыз. Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық тілейміз!

Екеуі бірге

Алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп-көп рахмет! Қош сау болыңыздар!

Тексерілді
Ару

„Ұстаз - ұлы тұлға,, 3,,Ә,,сынып оқушыларының тәрбие сағатынан көріністер.



**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі**

ҰСТАЗЫМ, ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕМ
(Мерекелік бағдарлама)

**Дайындаған: А.Усенбаева
Д.Байтасова**

2025-2026 оқу жылы

«ҰСТАЗЫМ, ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕМ»

1-жүргізуші:

Армысыздар ардақты да аяулы ұстаздар!

Ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем!» тақырыбымен өткізіліп отырған мерекелік іс-шарамызға қош келіпсіздер! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші:

Бүгінгі мерекелік кешімізге ардагер ұстаздарымыз келіп отыр. Саналы ғұмырының сәулелі сәттерін ұрпақ тәрбиесіне арнаған аға буын өкілдерін мектебіміздің төрінен көргенімізге шексіз қуаныштымыз! Қадірменді ардагер ұстаздар, мектебімізге қош келіпсіздер!

1-жүргізуші:

Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.

2-жүргізуші:

«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. Ұстаздан тәрбие болған немесе ұстаздың алдын көрген деген сөздер ана тәрбиесін алған деген сөздермен ұштасып жатады.

ӘН: _____

1-жүргізуші:

Алтынсарин бастаған ұлы көшті жалғастырып, мектебіміздің абыройын асқақтатып, жас жеткіншектердің білім көкжиегінде қанат қағуына сүбелі үлес қосып жүрген көшбасшымыз Тұңғышбаев Ахан Алтынбекұлының мерекелік құттықтау сөзін тыңдау үшін ерекше ілтипатпен сахна төріне шақырамыз!

2-жүргізуші:

Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,

Қолыңда шәкіртіңнің болашағы.

Өмірді алға қарай өрлететін,

Сіздерде Ұлы Отанның болашағы.

Құттықтау сөз, орындайтындар 4-сынып оқушылары.

1-жүргізуші:

Ұрпақ тәрбиесі - ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан өнегелі шәкірт шығатыны сөзсіз.

2-жүргізуші:

Ұстаз - ұлағатты есім! Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

ӘН: _____

1-жүргізуші:

Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қанша мән - мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.

2-жүргізуші:

Иә, ол ұстаз! Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш, сондықтан да ұстаздың еңбегі- ұлы еңбек.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дикан да, мал бағып тер төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан тәлім алған, сондықтан барлық құрмет ұстаздарға арналады.

Келесі кезекті көркемсөз шеберлеріне береміз.

1-жүргізуші:

Ұстаз деген - жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген - анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.

2-жүргізуші:

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған
Шаршаса да осы жолдың бойында
Қандай жақсы шын бақытын тапса адам.

Ән: _____

1-жүргізуші:

Мектеп үйім, ұстаздарым ата – анам,
Сеннен өсіп, сенен ғана нәр алам.
Саяң ыстық, сен мәуелі бәйтерек
Тамырлары сан тарапқа тараған.

Бүгінгі мерекелік кешіміздің қонақтары ардагер ұстаздарымызды ерекше ілтипатпен ортаға шақырамыз! Қошеметтеп, қол шапалақтап отырайық!

1. _____
2. _____
3. _____

2-жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып,
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік.

Марапаттау рәсіміне кезек берейік!

1-жүргізуші:

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған.
Шаршаса да осы жолдың бойында,
Қандай жақсы шын бақытын тапса адам-дей отырып, бүгінгі мерекелік іс-шарамызды жабық деген жариялауға рұқсат етіңіздер!

2-жүргізуші:

Күніміз нұрлы, аспанымыз әрдайым ашық болсын!

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі**

Шынықсаң, шымыр боларсың!

(Спорттық сайыс)

**Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері: Ж.Абишев
Е.Дүйсенбекұлы
Е.Төребеков**

2025-2026 оқу жылы

«Шынықсаң – шымыр боларсың»

Мақсаты:

Мұғалімдердің арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
Ұжымдық бірлік пен серіктестікті арттыру;
Денсаулықтың қадірін ұғындыру, белсенді өмір салтына ынталандыру;
Көңілді мереке арқылы мұғалімдер күніне шаттық пен қуаныш сыйлау.

БАРЫСЫ:

I. Кіріспе бөлім (10 мин)

Жүргізуші 1:

Қайырлы күн, ардақты ұстаздар қауымы!

Бүгін біз ұстаздар мерекесін ерекше түрде – спорттық көңілді сайыспен атап өтеміз!

Жүргізуші 2:

Иә, біліммен ғана емес, сергектік пен салауаттылықта да үлгі болар мұғалімдерімізге арналған сайысымыздың атауы – «Шынықсаң – шымыр боларсың!»

Жүргізуші 1:

Сайысқа қатысушы командаларымызды қарсы алайық! □
(Командалар сапқа тұрады, әрқайсысы өз ұранын айтады.)

II. Негізгі бөлім — Эстафеталық жарыстар

1-кезең: «Көңілді жүгіру»

Әр команда мүшесі кедергілер арасымен жүгіріп өтеді.

Соңында қолындағы допты келесі қатысушыға береді.

Мақсат: жылдамдық пен үйлесімділік.

2-кезең: «Қасықтағы доп»

Қатысушы қасыққа теннис добын салып, оны түсірмей кедергілер арасынан өткізеді. Түсіріп алса, бастапқы нүктеден қайта бастайды.

Мақсат: тепе-теңдік пен ұқыптылық.

3-кезең: «Шарлар сайысы»

Команда мүшелері жұптасып, екі тізенің арасына шарды қысып, мәреге жетеді. Шар жарылмауы керек!

Мақсат: үйлесімді қимыл мен көңілділік.

4-кезең: «Кім тез жинайды?»

Далада шашылған түстер бойынша конустар мен тастарды белгілі түске сәйкестендіріп жинау.

Мақсат: назар мен шапшаңдық.

5-кезең: «Күш пен дәлдік»

Допты шеңберге немесе шелектің ішіне дәл тастау.

Мақсат: дәлдік пен концентрация.

6-кезең: «Бірлік күші»

Команда мүшелері бір-бірінің нығына қол артып, қатарласып белгілі межеге дейін жетуі керек.

Мақсат: ұйымшылдық пен командалық рух.

7-кезең: «Тапқыр ұстаз» (интеллектуалдық кезең)

Жүргізуші сұрақтар қояды:

“Денсаулық кепілі не?”

“Қимылсыз өмірдің зияны қандай?”

“Салауатты өмір салтының 3 қағидасын ата.”

Дұрыс жауапқа +1 ұпай.

III. Сергіту сәті

Қатысушылар мен көрермендер бірге “Қимылмен ән айту” флешмобына қатысады.

Музыка: көңілді спорттық әуен.

IV. Қорытынды бөлім (10–15 мин)

Жүргізуші 1:

Міне, бүгінгі сайысымыз қызықты, әсерлі және көңілді өтті!

Барлық ұстаздарымыз белсенділік танытып, өз өнерлерін көрсетті.

Жүргізуші 2:

Кімнің де болсын жүрегі – ұстаздық,

Бүгін сіздер ең мықты әрі ең көңілді жан едіңіздер!

Қорытынды:

«Шынықсаң – шымыр боларсың» атты спорттық эстафета

– мұғалімдер арасындағы сергектік пен достықты арттырған,

көңіл көтерген, ұйымшылдықты нығайтқан мерекелік шара болды.

02.10.25р.
АА

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш білім беретін мектепте
«Шынықсаң, шымыр боларсың» тақырыбында
өтілген эстафеталық жарыстың

М Ә Л І М Е Т І

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 5-қазан Ұстаздар күні мерекесіне орай түзілген жоспарға сай, 2025 жылдың 2-қазан күні мұғалімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ұжымдық бірлікті арттыру және мұғалімдер күніне орай көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында «Шынықсаң, шымыр боларсың» тақырып аясында спорттық эстафеталық жарыс өткізілді. Іс-шара барысында ұстаздар бірнеше көңілді және сергітуші спорттық кезеңдер бойынша сынға түсті. Командалар өз ұранымен қатысып, жылдамдық, дәлдік және ұйымшылдықтарын көрсетті. Сайыс жоғары деңгейде, көңілді әрі тартысты жағдайда өтті.

Нәтижесі:

Қазылар алқасының шешімі бойынша:

I орын – «Сұңқар» тобы

II орын – «Қыран» тобы

Барлық қатысушылар белсенділік танытып, мақтау қағаздарымен және алғыс хаттармен марапатталды.

Қорытынды:

«Шынықсаң – шымыр боларсың» атты спорттық-эстафеталық сайыс ұстаздар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, көңілді ортада бірлік пен ұйымшылдықты нығайтуға бағытталған мазмұнды шара болды.

Дайындаған:

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері

Ж.Абишев

Е.Төребеков

Е.Дүйсенбекұлы

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектепте 5-қазан Ұстаздар күніне орай «Шынықсаң, шымыр боларсың!» тақырыбында өтілген іс – шарадан көріністер



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектепте «Мұғалімдер күнін мерекелеу тұжырымдамасын» атап өтуге арналған іс-шара жоспарына сай атқарылған жұмыстың

М Ә Л І М Е Т І

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025 жылдың 25 қыркүйегі мен 3 қазаны аралығында «Мұғалімдер күнін мерекелеу тұжырымдамасына» сәйкес мектеп ұжымында ұстаздарға арналған мазмұнды іс-шаралар апталығы өткізілді.

Апталық 25 қыркүйек күні «Ұстазға тосын сый!» тақырыбында ашылып, іс-шараның мақсат-міндеттері таныстырылды.

26 қыркүйек күні аға тәлімгер Д.Байтасованың ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – мәртебе!» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, оқушылар ұстаз еңбегіне арналған шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

25 қыркүйек пен 3 қазан аралығында үйірме жетекшілері С.Халикова мен Ж.Жұмабаева «Мен болашақ педагогпін!» атты сурет көрмесін ұйымдастырып, жас буынның ұстаз мамандығына деген қызығушылығын арттырды.

26 қыркүйек күні қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова мен аға тәлімгер Д.Байтасова «Дублер күні» аясында өзін-өзі басқару ұйымының президенті, 4 «Б» сынып оқушысы Бақытжан Дамирге дене тәрбиесі пәні мұғалімі Ж.Абишевтің орнына сабақ өткізуге мүмкіндік берді. Бұл шара ұстаз еңбегінің жауапкершілігі мен қадірін сезіндіруге бағытталды.

2 қазан күні дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Ж.Абишев, Е.Төребеков, Е.Дүйсенбекұлының ұйымдастыруымен жас мұғалімдер арасында «Шынықсаң – шымыр боласың!» атты спорттық эстафеталық жарыс өткізіліп, ұстаздар арасында сергектік пен командалық рухты арттыру көзделді.

3 қазан күні «Ұстаздың еңбегі сөнбес!» тақырыбында ұйымдастырушы-педагог А.Үсенбаеваның жетекшілігімен мерекелік концерттік бағдарлама өтті. Бағдарлама барысында ұстаздарға арналған әндер шырқалып, би биленіп, өлеңдер оқылды. Сондай-ақ, ардақты ұстаздар марапатталып, оқушылар тарапынан жылы лебіздер айтылды.

Сол күні 3 «Ә» сынып жетекшісі Г.Рүстембек пен 2 «Ә» сынып жетекшісі Ү.Анашбекова «Ұстаздар – ұлы тұлғалар!» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, оқушылар ұстаз мамандығының қоғамдағы ерекше орнын таныды.

Сонымен қатар, 3 қазан күні «Ұстаз – ұлы тұлға!» тақырыбында мұғалімдердің еңбегі мен жетістіктері жайлы бейнеролик түсіріліп, әлеуметтік желілерде жарияланды.

Аталған іс-шаралар ұстаздарға деген құрмет пен алғыс сезімін арттыруға, олардың еңбегін бағалауға бағытталды.

Барлық ұйымдастырылған жұмыстар әлеуметтік желі парақшаларында жарияланып, көпшілік назарына ұсынылды.

Дайындаған: М.Нурманова